bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# Мемлекеттік мейрамдар

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 19.05.2020 | https://bilimger.kz/74726/ |

---

| | | |
|---|---|---|
| **Облыс: ШҚО**<br>**Қала: Семей**<br>**Пәні:**Дүниетану<br>**Ортақ тақырып:**<br>Дәстүр және ауыз әдебиеті<br>**Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:**<br>Тарих беттерінен<br>**Күні:**<br>**Сынып**:2 | | **Мектеп**: «№32 жалпы орта білім беретін мектеп»КММ<br>**Бастауыш сынып мұғалімі:** Нурпеисова Дина Жумагажиевна<br><br>Қатысқандарсаны:<br>Қатыспағандарсаны: |
| **Сабақтақырыбы** | Мемлекеттік мейрамдар | |
| **Осысабақтақолжеткізілетіноқумақсаттары (оқубағдарламасынасілтеме)** | 2.1.6.1 Таңдауы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің мәнін түсіндіру (Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні,Наурыз мейрамы). | |
| **Сабақмақсаттары** | **Барлықоқушылар:**Таңдауы бойынша  Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің мәнін түсіндіреді.<br>**Көптеген оқушылар:**Таңдауы бойынша  Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелердің мәнін сипаттайды.<br>**Кейбір оқушылар:** Таңдауы бойынша дереккөздерден  Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің маңыздылығын зерттейді. | |
| **Бағалаукритерийлері** | Таңдауы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің мәнін түсіндіреді. | |
| **Тілдікмақсаттар** | **Оқушылар орындай алады:** Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерін түсіндіре біледі.<br>**Пәнге тән лексика мен терминология:**ұлттық, мемлекеттік, дәстүр.<br>**Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:**<br>—  Қандай  ұлттық мейрамдарды  білесіңдер?<br>— Мейрамдарға адамдар қалай дайындалады?<br>— Өзіңқаймейрамдыұнатасың? | |
| **Құндылықтардыдарыту** | «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарының бірін ескере отырып, оқушыларға Қазақстан Республикасының әр азаматының борышы –тарих беттеріндегі мерекелерді құрметтеп, ұрпақтан ұрпаққа берілу жолдары мен жауапкершілігін түсіндіру. | |
| **Пәнаралықбайланыстар** | Әдебиеттік оқу, музыка, математика, | |

## Шығыс Қазақстан облысы

## Семей қаласы

**«№32 жалпы орта білім беретін мектеп»КММ**

**Бастауыш сынып мұғалімі**

**Нурпеисова Дина Жумагажиевна**

Қысқа мерзімді жоспар

| | |
|---|---|
| **АКТ қолданудағдылары** | Слайд,видео,дереккөздер,https://www.youtube.com/watch?v=TwD0jZdUuC8 |
| **Бастапқыбілім** | Оқушылар Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің қашан тойланатынын біледі. |

| Сабақтыңжоспарлан ғанкезеңдері | **Сабақтағыжоспарланғаніс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтыңбасы<br><br>4 минут | **Психологиялық ахуал**<br>«Наурыз» әнін тыңдай отырып оқушылар қима қағаздарды ерікті таңдау арқылы 3 топқа бөлінеді.<br>**Топқа бөлу.** (мереке күндеріне байланысты)<br>**1- топ** «Тәуелсіздік»<br>**2- топ** «Наурыз»<br>**3- топ** «Бірлік»<br>**Ширату.«Сұрақ- жауап» әдісі.**<br>— Балалар біз осы суреттер арқылы қандай мерекелік топтарға бөліндік?<br>— Балалар, демек бүгінгі сабағымыз не жайында болмақ?<br>— Балалар, тағы қандай мерекелерді білесіңдер?<br>Оқушылардың ойларын біле отырып жаңа сабаққа көшемін. | http://sabaq.kz/wp-content/uploads/2015/12/16-12-15.jpg<br><br>http://shet-audany.gov.kz/uploads/source/Gallery/nauryz.jpg<br><br>http://itd1.mycdn.me/image?id=865810864763&t=20&plc=WEB&tkn=*oMqTKXxkVxKqfVmazBm0fMWTtlo |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr>
<td>Сабақтыңортасы<br><br>6 минут<br><br>9 минут<br><br>2 минут<br><br>12 минут<br><br>3 минут</td>
<td>1-тапсырма. (Т) «Суреттер сөйлейді» әдісі.<br>Бұл әдіс бойынша барлық оқушылар топпен отырып,  алдарындағы күнтізбеден мереке күндерін тауып,карточкадағы суретке қарай отырып қандай мереке түріне жататынын анықтап түсіндіреді.<br>1- топ :Қазақстан Республикасының еркіндік,тәуелсіздік алған күні.<br>2- топ: Наурыз- ұлыстың ұлы күні.Күн мен түн теңесетін кез.Қазақтың жаңа жылы.<br>3- топ: 1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні.<br><br>Дескриптор:<br>— Күнтізбеден мереке күндерін табады.<br>— Карточкамен жұмыс жасайды.<br>— Ұлттық және мемлекеттік мерекенің мәнін түсіндіреді .<br><br>ҚБ «Түрлі-түсті шарлар» әдісіарқылы бағаланады.<br>-Күнтізбеден Қазақстан Республикасының мереке күндерін тауып, суретке қарай отырып, мереке түрін толық ажыратып түсіндірген оқушыларға жасыл түсті шарларды  ұсынамын.<br>-Күнтізбеден Қазақстан Республикасының мереке күндерін тауып, суретке қарай отырып, мереке түрін толық ажыратып түсіндірмеген оқушыларға сары түсті шарларды  ұсынамын.<br>-Күнтізбеден Қазақстан Республикасының мереке күндерін толық таба алмаған, суретке қарай отырып мереке түрін толық ажыратып түсіндірмеген оқушыларға қызыл түсті шарларды ұсынамын.<br>2-тапсырма.(Ж) «Атаулар (терминдар) кестесі» әдісі.<br>Бұл әдіс бойынша оқушыларға негізгі атаулары (терминдері) жазылған кесте ұсынамын.Ол кестеде Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерін сипаттап жазады.<br><br>
<table>
<tr><th>Мерекелер атауы</th><th>Сипаттамасы</th></tr>
<tr><td>1 желтоқсан</td><td></td></tr>
<tr><td>16  желтоқсан</td><td></td></tr>
<tr><td>8 наурыз</td><td></td></tr>
<tr><td>22 наурыз</td><td></td></tr>
<tr><td>1 мамыр</td><td></td></tr>
<tr><td>7 мамыр</td><td></td></tr>
<tr><td>9 мамыр</td><td></td></tr>
</table>
<br>Дескриптор:<br>— Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерін сипаттап жазады.<br><br>ҚБ «Әдемі гүлдер» әдісі арқылы бағаланады.<br>-Қазақстан Республикасының  ұлттық және мемлекеттік мерекелерін толық сипаттаған оқушыларға қызғалдақ гүлін ұсынамын.<br><br>-Қазақстан Республикасының  ұлттық және мемлекеттік мерекелерін сипаттауда қиналған оқушыларға жауқазын гүлін ұсынамын.<br><br>-Қазақстан Республикасының  ұлттық және мемлекеттік мерекелерін сипаттағанда көп қателік жіберген оқушыларға қоңырау гүлін ұсынамын.<br>Сергіту сәті: «Көңілді күн»<br>бейнефильміндегі қимылдарды жасайды.<br><br>3-тапсырма (Т.Ж.) «Кейс-стади» әдісі арқылы нақты оқиға мен жағдаятты талдауға арналған іскерлік ойын ойнату.Кейс- стади әдісін қолдану барысында білім алушылар топтық және жұптық сұрақ жауап кезінде шығарылған мәселенің маңызын түсіндіріп, жағдайды бағалайды,оқиға немесе процеске талдау жасайды, өзіндік шешу жолдарын көрсетеді.<br>Әр топ дереккөздерден ұлтық және мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын зерттейді.<br>А деңгейі 1 мамыр мерекесіне «Бірлік» тақырыбында постер құрастырады.<br>В деңгейі «Тәуелсіздік күні» мерекесіне байланысты қима қағаздардан өлең ұйқасын құрастырады.<br>С деңгейі «Наурыз» мерекесіне байланысты мұғалімнің көмегімен «Бесікке салу» дәстүрін сахналап көрсетеді.<br>Дескриптор:<br>— 1 мамыр мерекесіне постер құрайды.<br>— «Тәуелсіздік күні» мерекесіне өлең құрастырады.<br>— «Наурыз» мерекесінебайланысты дәстүрді сахналап көрсетеді.<br><br>ҚБ «Жалау» әдісі арқылы бағаланады.<br>-Топтық, жұптық жұмыс кезінде тапсырманың маңызын түсіндіріп,  постер мен өлең ұйқасын, дәстүрді сахналауда белсене қатысқан оқушыларға жасыл түсті жалау ұсынамын.<br>-Топтық, жұптық жұмыс кезінде тапсырманың маңызын түсіндіріп,бірақ, постер мен өлең ұйқасын, дәстүрді сахналап көрсеткенде сәл қиналған оқушыларға сары түсті жалау ұсынамын.<br>-Топтық, жұптық жұмыс кезінде тапсырманың маңызын түсіндіріп постер мен өлең ұйқасын, дәстүрді сахналап  көрсете алмаған оқушыларға қызыл түсті жалау ұсынамын.</td>
<td>https://sputniknews.kz/images/840/11/8401108.png<br><br>http://ae01.alicdn.com/kf/HTB1UVIgmTXYBeNkHFrdq6AiuVXaO/10-10-1-8-Apple.jpg_q50.jpg<br><br>https://ae01.alicdn.com/kf/HTB1DCjOsVmWBuNjSspdq6zugXXaQ/10-10-1-8.jpg<br><br>https://png.pngtree.com/png_detail/18/09/10/pngtree-happiness-ball-element-png-clipart_2326812.jpg<br><br>https://images.wallpaperscraft.ru/image/tyulpany_cvety_krupnyy_plan_vesna_nastroenie_33618_1280x960.jpg<br>https://avatars.mds.yandex.net/get-pdb/909745/ed130be6-3ff5-48ce-bd2c-7f6cea480df8/s1200<br>https://cvetyportal.ru/wp-content/uploads/2018/07/Kampanula-41.jpg<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=TwD0jZdUuC8<br><br>https://avatars.mds.yandex.net/get-pdb/1209663/592c5c7f-848b-4a10-b408-403d8e1b905e/s1200?webp=false<br><br>Көк аспанда нұрлы күн<br>Күлімдейді далама<br>Бақыт тілеп тұр бүгін<br>Ол барлық пәк балаға<br>Бұлт баспасын күнімді<br>Тарылмасын өрісім.<br>Биік ұстау Туымды-<br>Қасиетті борышым<br><br>Салт- дәстүр «Бесікке салу»<br>https://ds02.infourok.ru/uploads/ex/0a43/0003dad2-1f0f7bea/img13.jpg<br><br>http://attomex.ru/data/images/catalog/4130500_1.gif</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтыңсоңы<br>4 минут</td>
<td>Кері байланыс: «Шашу »әдісі арқылы жасаймын.<br>-Тапсырмаларды толық орындаған оқушыларға жасыл түсті кәмпитті ұсынамын,<br>-тапсырмаларды жартылай орындаған  оқушыларға сары түсті кәмпитті ұсынамын,<br>-тапсырмаларды орындауда қиналған оқушыларға қызыл түсті кәмпитті ұсынамын</td>
<td>https://c7.uihere.com/files/818/93/77/candy-lollipop-cake-drawing-tea-candy.jpg</td>
</tr>
</table>

| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілетіжоғарыоқушыларғақандайміндетқоюдыжоспарлапотырсыз?** | **Бағалау – оқушылардыңматериалдымеңгерудеңгейінқалайтексерудіжоспарлайсыз?** | **Денсаулықжәнеқауіпсіздіктехникасыныңсақталуы** |
|---|---|---|
| Барлық оқушылар орындайтын тапсырманы саралаудың **«Тапсырма»** тәсілі арқылы саралаймын.<br>«Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы тапсырманы орындайды.Себебі оқушылар күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырмалары бар карточкаларды пайдаланады.<br>Көптеген оқушылар орындайтын тапсырманы саралаудың  **«Қарқын»** тәсілі бойынша саралаймын.Тапсырманы «Атаулар кестесі» әдісі бойынша жүзеге асырамын.Себебі, кейбір оқушылар тапсырманы басқаларынан тез  орындайды, ал кейбіреулері көмек көрсетуді қажет етеді. Ондай оқушыларға қосымша уақыт беріледі.<br>Кейбір оқушылар «Кейс -стади» әдісі арқылы орындалатын тапсырманы А,В,С деңгейі бойынша саралаудың **«Дереккөздер» тәсілі** арқылы жүзеге асырамын. Өйткені кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады.Бұл материалды пайдаланудың анағұрлым ауқымды көлемін көрсетеді. | **Ширату.«Сұрақ- жауап» әдісі.**<br>**1-тапсырма. (Ж) «Суреттер сөйлейді» әдісі**<br>**ҚБ «Түрлі-түсті шарлар»**<br>**2-тапсырма.(Т) «Атаулар (терминдар) кестесі»**<br>**ҚБ «Әдемі гүлдер»әдісі**<br>**3-тапсырма (Т.Ж.) «Кейс-стади» әдісі**<br>**ҚБ «Жалау» әдісі**<br>**Кері байланыс: «Шашу»әдісі** | Дұрыс отыру, тапсырмаларды орындау барысында кауіпсіздікті сақтау,сергіту сәтін орындау арқылы денсаулықты нығайту қарастырылады. |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.